

ЖШС «Жансая 2018» «Нұрасыл» балабақшасы
Хаттама №3 «Қысқы кезеңдегі оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру»
әдістемелік отырысы

Өткізілген күні: 08.12.2025

Өткізілген орны: Акт залы

Қатысқандар: меңгеруші, тәрбиешілер, музыкалық жетекші, дене шынықтыру нұсқаушысы, медбике

Күн тәртібі:

1. Қыс мезгілінде қауіпсіздік пен денсаулықты сақтау.
2. Қимылды ойындар мен серуен түрлерін талдау.
3. Тәуелсіздік пен отаншылдық айының маңызы, бала бойында отанға сүйіспеншілікті орнату мен педагог құндылығы байланысы.

Отырыстың барысы:

1-Мәселе бойынша : Қыс мезгілінде қауіпсіздік пен денсаулықты сақтау:
Отырыс барысында тәрбиешілерге балаларды қыс мезгілінде киіндіру, жылы ұстау, серуен кезіндегі қауіпсіздік ережелері, сырғанаудан, суық тиюден қорғау шаралары кеңінен түсіндірілді. Медбике тарапынан қысқы инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша арнайы ұсыныстар айтылып, тұмау, ЖРВИ, ангина сияқты маусымдық аурулардың симптомдары мен алдын алу жолдары егжей-тегжейлі баяндалды. Балалардың таза ауада серуендеуі мен бір уақыттағы белсенділігі олардың иммунитетін нығайтуда шешуші рөл атқаратыны айтылды. Әр топта күнделікті денсаулық мониторингі жүргізіліп, балалардың денсаулық көрсеткіштері тіркеліп отыруы керектігі айтылды.

2-Мәселе бойынша : Қимылды ойындар мен серуен түрлерін талдау: Қысқы мезгілдің ерекшеліктеріне сай балалардың физикалық белсенділігін арттыру мақсатында ашық ауада ойналатын ұлттық және қимыл-ритмдік ойындардың түрлері қарастырылды. «Аққала құрастыру», «Қармен жарыс», «Шанамен сырғанау» секілді ойындар мысалға алынды. Тәрбиешілер қысқы ойындар кезінде қолданылатын құрал-жабдықтардың қауіпсіздігі мен жас ерекшеліктеріне сәйкестігіне мән беруі қажеттігі айтылды. Сонымен қатар, педагогтардың серуен уақытында балалардың эмоциялық көңіл күйін бақылап, оларға жағымды ахуал қалыптастыру жолдарын қолдануы ұсынылды. Серуен барысында экологиялық тәрбие элементтерін (қар тазалау, табиғатты бақылау) енгізу ұсынылды.

3-Мәселе бойынша: Тәуелсіздік пен отаншылдық айының маңызы: Желтоқсан айы – Тәуелсіздік мерекесімен ерекшеленетін маңызды кезең. Осыған байланысты, тәрбиешілерге бала бойында отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізудің маңызы айтылды. Әр топта

Қазақстан Республикасының рәміздеріне қатысты әңгімелер, өлеңдер жаттату, батырлар туралы аңыз-әңгімелер айту, мерекелік шаралар өткізу ұсынылды. Педагогикалық процесте ұлттық құндылықтар мен тарихи оқиғаларды түсінікті әрі әсерлі жолмен беру арқылы баланың танымдық, патриоттық және эмоциялық салаларын дамыту көзделді. Педагогтың өзі – отансүйгіш тұлға болуы тиіс, сол арқылы тәрбиелеу процесінде үлгі болу қажет.

Сонымен қатар, тәрбиешілер өзара тәжірибе алмасып, қысқы кезеңде кездесетін қиындықтар мен оларды шешу жолдары бойынша пікірлерімен бөлісті. Отырыс барысында қолданылатын тиімді әдістемелік тәсілдер мен құралдар, жаңартылған білім беру мазмұны аясындағы интеграцияланған сабақтар туралы да талқылау болды.

Қорытынды бөлімде мектепке дейінгі мекемеде оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы тәрбиеші рөлінің маңызы, оның кәсіби біліктілігін арттыру жолдары қарастырылып, үздік педагогикалық тәжірибе негізінде ұсыныстар жинақталды.

Шешім:

1. Қыс мезгіліндегі серуен кезінде қауіпсіздік шаралары қатаң сақталсын.
2. Қимылды ойындар мен денсаулық сақтау шаралары жүйелі түрде ұйымдастырылып, әдістемелік нұсқаулықтармен сәйкестендірілсін. Белсенділікке ықпал ететін әдістер көбейтілсін.
3. Тәуелсіздік мерекесіне орай әр топта патриоттық бағыттағы іс-шаралар жоспары әзірленсін. Мерекелік қойылымдарға балаларды кеңінен қатыстырып, отансүйгіштік сезімді дамыту мақсатты түрде жүзеге асырылсын.
4. Әр тәрбиеші қысқы кезеңге арналған жеке іс-әрекет жоспарын жасап, меңгерушіге бекітуге ұсынсын.
5. Балалардың денсаулығын сақтау мақсатында медициналық қызметкермен тығыз байланыста жұмыс жүргізілсін.

Меңгеруші



Бейсенбаева М.Ш.

Хатшы:

Азірет Н.А.